

ТҮРКІСТАН

Халықаралық саяси ақпараттық газеті

АҢЫЗДАН АҚИҚАТҚА АЙНАЛҒАН ТҮЛҒА

Ақтөбенің Қобда өңірінде Қарақыпшақ Қобыланды батырға арналып ұлы дүрмек той өтті

Өткен жылдан бері Қарақыпшақ Қобыланды батыр туралы Ақтөбе облысында келелі сөз қозғалып, жүйелі істердің басы басталған-ды. Міне, содан бері ақтөбеліктердің ниетін, республика жұртшылығы да қолдап, батыр бабамыздың тарихы, өмір жолы, ерлік істері, ол хақындағы арғы-бергі жазбалар мен «Қобыланды батыр» жырлары бір жүйеге түсірілді.

Қазақ эпостары туралы алғаш пікір жазып, өз ойын білдіргендердің бастауында В.В.Радлов, И.Е.Березин, Г.Н.Потанин, Ш.Ш.Уәлиханов, А.Е.Алекторов, Ә.Диваев, тұрса кейінгі қазақ әдебиетші-ғалымдары М.Әуезов, Ә.Марғұлан, Ә.Қоңыратбаев, М.Ғабдуллин, О.Нұрмағамбетова, т.б.-дың бағалы да жүйелі еңбектерінде терең пікірлер қалдырған.

«Қобыланды батыр» жырында:

...Қыс қыстауы Қараспан,

Қараспан көкке таласқан, – деген жыр жолдары бар.

Бұл өлең жолдарынан Қобыланды батырдың Оңтүстік өңірінде туғанынан хабардар етеді. Дәл осы жолдар «Қобыланды» жырының 29 нұсқасында да кездеседі. Демек Қобыланды «Қараспан» тауында туып, жамбасы Қобда, Жирен өзендері бойындағы Жиренқопада тиіпті.

«Қобыланды батыр» жырын зерттеушілердің пайымдауынша, Қобыланды батыр Ноғайлы дәуірінде (XIII-XVI) яғни Қазақ хандығының өз алдына мемлекет болған жылдарының басында өмір сүргенге ұқсайды.

Аты аңызға айналған Қобыланды батырдың Ақтөбе облысының Қобда ауданындағы Жиренқопа жерінде орнатылған мемориалды кешенінің ашылу салтанатына республиканың барлық өңірінен, Санкт-Петербург, Мәскеу, Қазан қалалары мен Өзбекстан, Қарақалпақстан республикаларынан өкілдер келіпті. Сонымен қыркүйектің 7-сі күні облыс әкімшілігінің конференц залында Қобыланды батырға арналған ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. «Қобыланды батыр: аңыздар мен шындықтар тоғысында» атты конференцияда ҚР Президенті Мәдениет орталығының директоры, филология ғылымдарының докторы, профессор Мырзатай Жолдасбеков, Қазақстанның Халық жазушысы, көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері Әбіш Кекілбаев, Мәдениет және ақпарат министрі Ермұхамет Ертісбаев, ғалым Қойшығара Салғарин, антрополог, академик Оразак Исмағұлов, Ақтөбе облысының әкімі Елеусін Сағындықов тағы басқалар сөз алып, Қобыланды батырдың Ноғайлы заманының соңғы кезеңіндегі батырлар

тобына жататындығын, аңыздан тарихқа айналғанын нақты деректермен аңыз-әңгімелерді саралап ғылыми тұрғыда негіздеп берді.

Қобыланды батырға арналған тарихи мемориалдық кешенді ҚР Мәдениет және ақпарат министрі Е.Ертісбаев, Ақтөбе облысының әкімі Е. Сағындықов ашты. Қобыланды батыр ескерткішінің ашылуы қарсаңында Жиренқопа жаңарып, жасарып кеткен. Батыр тойын өткізуде ақтөбеліктердің көп тер төккенін көзбен көрдік.

Кесененің сәулетшісі, белгілі сәулетші Бек Ибраев. Кесененің биіктігі – 17,5 метр, диаметрі – 12 метр. Кіре беріс алдында қорғап тұрған мәңгір, балбал тастар қойылған. Жалпы мемориалдық кешен әдемі де сәнді жасалынған ескерткіш деуге болар. Ал батырдың бейнесін жасаған белгілі антрополог, академик Оразақ Исмағұлов батырдың моласынан алынған сүйекті зерттеп, ғалым тап осы сүйектің Қобыландыныкі екенін негіздеп, батырдың бас сүйегін жасап шығарды. Бұл тұста ғалымның көп еңбектенгені көрініп-ақ тұр.

Қобда өзенінің бойына орналасқан сахнада қойылған театрландырылған көрініс Қобыланды заманын ашып көрсете алды. Бұл тұста Ақтөбе облыстық театр режиссері Мағзом Бақытжанов бастаған режиссерлер және қойылымға қатысқан оқушылар мен студенттердің еңбегін айта кету керек.

Алып кешенді Темірболат Айтбаев бастаған жергілікті құрылысшылар салса, батыр құралдарын салған ағайынды айтулы алматылық үш шебер Тұрсынжан, Махмұт, Айтберген Құлментегілер. Сондай-ақ той қарсаңында «Қобыланды» жыры (екі тілде), «Ақтөбе» деп аталған фотоальбом Ақтөбе облысының 75 жылдығына орай шығарылған. «Қобыланды – Жаскілең». «Қобыланды батыр» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары жинақталған кітаптар жарық көріп, тойға жиналғандарға сыйлық ретінде ұсынылды.

Той үстінде театрландырылған көріністен басқа әрбір ауылда ән-күй тартылып, палуандар белдесті. Жиренқопадағы 300-ден астам ақшаңқан үйлер реттеліп тігіліп, әрбір ауылға бөлініп, қонақтар мен келушілерді жылы жүзбен қарсы алып жатты.

Тойдың аяғы ат бәйгесіне ұласты. Бәйге жарысқа облыстардың барлығынан және Ресейдің көптеген облыстарынан жүйрік аттар қатысты. Бәйге жеңімпазына басы «ДЖИП» машинасы болып, басқа да бағалы сыйлықтар берілді. 25 шақырымдық жарыс жолына қосылған «Аламан» бәйгедегі аттар 10- айналымға шығарылды. Осынау жарыста 8-айналымда да жарыс жолында бірінші болып келген Қызылорданың «Гауһартас» атты жүйрігі, 9-айналымда екінші, 10-шы айналымда тағы да алға ұмтылып,

қарақшыға басы озып барды. Дегенмен, төрешілер Алматыдан келген (бірақ Ақтөбенің Әйтеке би ауданы атынан қосылған) атқа беруге көңілі ауыпты.

Жалпы Қобыланды батырдың бас батыр деуге толық негізі болған, аңыздан ақиқатқа, тарихи тұлғаға айналған кезеңін көрдік. Осы тұста ақтөбеліктердің шын мәніндегі жасаған еңбектері, басқа аймақтардағы басшыларға ой салатынына, ірі істерге жол сілтейтін іс болды демекпін.

Қорыта айтар болсақ, талас, дау тудырмайтын етіп Қобыланды батыр Қазақ батырларының басы болып негізделді. Қобыланды батыр тойынан қазақ халқының еңсесін көтеріп, іргелі ел болғанын, көтеріңкі екенін көрдік. Ақтөбеліктерге тойларың тойға ұлассын демекпіз.

Тынышбек Дайрабай, этнограф, ғалым